«ЖЕЗҚАЗҒАН ҚАЛАСЫНЫҢ
ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ
ЖӘНЕ СПОРТ БӨЛІМІ»
МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ

Қазақстан республикасы, Ұлытау облысы
100600, Жезказган қаласы, Ғарышкерлер 39 А.
тел/факс: 8(7102)76-02-29
«ҚР Қаржы Министрлігінің Қазынашылық Комитеті» РММ
ЖСК KZ91070103KSN3026000, БСК KKMFKZ2A,
БСН 150440027233

ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ
«ОТДЕЛ ФИЗИЧЕСКОЙ
КУЛЬТУРЫ И СПОРТА
ГОРОДА ЖЕЗКАЗГАНА»

Республика Казахстан область Ұлытау
100600, г.Жезказган, пл. Гарышкерлер 39 А.
тел/факс: 8(7102)76-02-29
РГУ «Комитет Казначейства Министерства Финансов РК»
ИИК KZ91070103KSN3026000, БИК KKMFKZ2A,
БИН 150440027233

20.01.2026 № 1-14/30

«Қармақшы жастары» ЖҚБ
төрағасы Д. Жиенкужаевқа

«Жезқазған қаласының дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесі Сіздің 14.01.2025 жылғы № 274598, *«Депутаттар арасындағы облыстық спартакиадасы»* №15857442-1 хабарландыруы бойынша өтінішіңізді қарап, келесіні хабарлайды.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазанындағы №687 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру» қағидасының (бұдан әрі – Қағида) 460-тармағына сәйкес, осы тармақтың 1) – 6) тармақшаларында көзделген өлшемшарттар бойынша баллдарды есептеу мемлекеттік әлеуметтік тапсырыста көзделген көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу жөніндегі конкурстық құжаттамаға 21- қосымшаға сәйкес есептеледі.

Жұмыс тәжірибесі бойынша.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазанындағы №687 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру» қағидасының (бұдан әрі – Қағида) 460-тармағына сәйкес, осы тармақтың 1) – 6) тармақшаларында көзделген өлшемшарттар бойынша баллдарды есептеу мемлекеттік әлеуметтік тапсырыста көзделген көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу жөніндегі конкурстық құжаттамаға 21- қосымшаға сәйкес есептеледі.

Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыспен көзделген көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу жөніндегі конкурстық құжаттамаға 21-қосымшаға сәйкес, *«Әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесінің болуы»* критериі бойынша 3 ұпай – әлеуетті өнім берушінің әлеуметтік бағдарламалар мен жобаларды іске асыру саласында бес жылдан астам және сегіз жылды қоса алғанға дейінгі жұмыс тәжірибесі болғанда беріледі. Сіздің мемлекеттік сатып алу веб порталына жүктеген көрсетілген қызметтер актілерінің және шот-фактуралардың көшірмелері негізінде.

Осылайша, конкурстық комиссиямен әлеуетті өнім беруші «Қармақшы жастары» ЖҚБ *«Әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесінің болуы»* критериі бойынша 3 ұпай негізді қолданылған.

"G'IBRATTAN-KZ" ҚБ өтінімі бойынша.

Мемлекеттік сатып алу веб-порталын зерделеу барысында, әлеуетті өнім беруші «G'IBRATTAN-KZ» ҚБ біліктілік талаптарында жұмыс тәжірибесі 9 жылды құрайды, яғни 2016, 2017, 2018, 2019, 2020, 2022, 2023, 2024, 2025 жылдар арасында жұмыс тәжірибесінің болуы анықталды.

Осылайша, конкурстық комиссиямен әлеуетті өнім беруші «G'IBRATTAN-KZ» ҚБ *«Әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесінің болуы»* критериі бойынша 3 ұпай негізді қолданылған.

Осылайша, өтінішіңізде келтірілген дәлелдер расталмады. Бұл ретте тапсырыс берушінің, ұйымдастырушының немесе жалғыз ұйымдастырушының шешіміне әкімшілік іс жүргізу шеңберінде шағым жасау мемлекеттік сатып алу рәсімдерін тоқтатпайды.

Сонымен қатар, берілген жауаппен келіспеген жағдайда, «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі № 106-VIII ҚРЗ Заңының 25-бабының 3-тармағына сәйкес шағым беру құқығыңыз сақталғанын хабарлаймыз.

«Жезқазған қалысының дене шынықтыру және спорт бөлімі» ММ басшысы **З. Даумбаев**